

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай қаласы білім бөлімінің С.Мәуленов атындағы гимназиясы»КММ

«Шығармашылық интеллигенция – Қазақстан балаларына»

2026 жылдың 21 сәуір күні гимназия қабырғасында "Балар әдебиеті-рухани тәрбие бастауы" онкүндігі аясында «Шығармашылық интеллигенция – Қазақстан балаларына» тақырыбында ақын, жазушы Абылай Маудановмен мазмұнды кездесу ұйымдастырылды.

Кездесу барысы:

Іс-шараны мектеп әкімшілігі ашып, қонақпен таныстырды. Оқушылар ақынның өмір жолы мен шығармашылығы туралы қысқаша мәлімет алды. Кездесу барысында Абылай Мауданов өзінің алғашқы шығармаларының қалай дүниеге келгені, шабыт көздері, шығармашылықтағы ізденіс жолдары туралы әсерлі әңгіме өрбітті.

Оқушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жазушы ашық әрі шынайы жауап беріп, жастарға кітап оқудың маңыздылығын ерекше атап өтті. Сонымен қатар, ол өз өлеңдерінен үзінді оқып, қатысушыларға рухани әсер сыйлады.

Кездесу соңында оқушылар ақынға алғыстарын білдіріп, естелік суретке түсті. Мұндай тағылымды іс-шаралар жас ұрпақтың әдебиетке деген қызығушылығын арттырып, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.





ДТЖО: Қойшыман А.Н.